

**Болгар мектеп-бақшасы бойынша
Қамқоршылық кеңесі отырысының
Хаттамасы №1**

Болгарка ауылы

06.11.2023ж.

Қатысқандар:

Қамқоршылық кеңес мүшелері

Болгар мектеп-бақшасының ұжымы, ата-аналар комитеті

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңесінің жаңа құрамымен танысу
2. Қамқоршылық кеңесінің мақсат-міндеттерімен танысып, жылдық жұмыс жоспарын талқылау және бекіту
3. Әр түрлі мәселелер

Тыңдалды.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Болгар мектеп-бақшасының директоры Қ.Қ.Жұрмағамбет сөйледі.

2023-2024 оқу жылы «Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» ММ-нің 2023 жылғы 30 қазан № 01-03-189 бұйрығы негізінде Болгар мектеп-бақшасында қамқоршылық кеңесі құрылды. Қамқоршылық кеңес мүшелігіне өтініш берген жеті адам өтті. Олар:

1. Маринова Марина Федоровна – Болгар этномәдени музейінің жетекшісі.
2. Бітімбаева Әсемгүл Нұрланқызы – «ИП Бітімбаева» кәсіпкер.
3. Алманиязов Асан Болатович – Жеке кәсіпкер.
4. Маринова Валентина Викторовна – ауыл кітапханашысы.
5. Есентаева Дина Танатаровна – ардагер-ұстаз
6. Елюбаев Мирболат – ауыл учаскелік полиция инспекторы
7. Каналина Лаура – өзін-өзі басқару ұйымының жетекшісі

Осы құрамнан кеңес төрағасын сайлау керектігін айтты. Және кеңес хатшысы болып директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Э.А.Алманиязова бекітілгенін айтты.

Шығып сөйлеушілер:

1. Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Ә.Бітімбаева – Менің ойымша, кеңес төрағасы болып Марина Федоровнаны тағайындау керек сияқты. Себебі мектеп өмірімен жақсы таныс, бұрын Болгар мектеп-бақшасында кітапханашы болып жұмыс жасаған. Арамыздағы жасы үлкен, кез келген адаммен тез сөйлесіп кетеді.
2. Ата-ана В. Маринова – мен де келісемін. Марина Федоровна мектептің де, ауылдың да қоғамдық жұмыстарына белсене қатысады. Ауылда беделді адам.

Екінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, қамқоршылық кеңесінің хатшысы Э.А.Алманиязова сөз алды.

Қамқоршылық кеңесінің мақсат-міндеттерін слайд арқылы көрсетіп таныстырып, олардың білім беру ұйымының бюджетін қалыптастыру кезінде ұсыныстар әзірлейді, оқу және сауықтыру лагерлеріне жіберілетін

оқушылардың тізімдерін қарайтынын айтты. Қамқоршылық кеңесінің жылдық жұмыс жоспарын кеңес мүшелерімен бірге отырып құргандығын айтты.


Шығып сөйлеушілер:


Мектеп директоры Қ.Жұрмағамбет – Қамқоршылық кеңесінің тәртібі бойынша кеңес хатшысының міндеті отырыс өтетіні туралы кеңес мүшелеріне хабардар етіп отырады, хаттама жазады, хаттаманы білім беру ұйымының интернет – ресурсына орналастырады.


Қаулы:


1. Қамқоршылық кеңесінің төрайымы болып Маринова Марина Федоровна тағайындалсын.
2. Қамқоршылық кеңесінің жоспары құрылып, кеңес ережесіне сай жұмыстар жүргізілсін.
3. Жұмыс жоспары бойынша өткізілген шаралар интернет-ресурстарда уақытында жариялансын.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:  М.Ф.Маринова

Қамқоршылық кеңесінің мүшелері:  Ә.Н.Бітімбаева

 А.Б.Алманиязов

 М.А.Елюбаев

 В.В.Маринова

 Д.Т.Есентаева

 Л.Каналина

Қамқоршылық кеңесінің хатшысы:  Э.А.Алманиязова